

"Қазақстанның Солтүстігі-Оңтүстігі транзиті 500 кВ электр тарту екінші желісін салу" жобасын қаржыландырудың кейбір маселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы N 1384 қаулысы

"Қазақстанның Солтүстігі-Оңтүстігі транзиті 500 кВ электр тарту екінші желісін салу" жобасын тиімді қаржыландыруды қамтамасыз ету мақсатында, "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 21-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Еуропалық Қайта жаңарту және Даму Банкі мен "Қазақстанның Даму банкі" акционерлік қоғамы маңызды стратегиялық мәні бар қаржы қызметтерін көрсетуші
б о л ы п б е л г і л е н с і н .

2. Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі , Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігі (келісім бойынша), "KEGOC" ашық акционерлік қоғамы (келісім бойынша) заңнамада белгіленген тәртіппен "Қазақстанның Солтүстігі-Оңтүстігі транзиті 500 кВ электр тарту екінші желісін салу" жобасын тиімді іске асыру үшін қажетті шаралар қабылдауды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары С.М.Мыңбаевқа жүктелсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Премьер-Министрі